21. Өтініш беруші толтырылған байланыс деректерді растауды МҚҰ Сайтындағы Жеке кабинетінде арнайы кодты белсендіру арқылы жасау керек, ал бұл код МҚҰ Өтініш берушісіне оның Сайтта Өтінішті ны толтыру (тіркелу) кезінде көрсеткен ұялы телефон номеріне бағытталады.

22. Егер Өтініш беруші осы Ережелерде көрсетілген шарттарға сәйкес болатын Микрокредитті алуға келісім жасаса, МҚҰ Сайтындағы Жеке кабинет механизімін қолданып МҚҰ-ға Өтінішті жіберу арқылы өзінің Шартқа қол қою келісімін растау қажет.

23.МҚҰ мен Қарыз алушы арасында электрондық тәсілмен микрокредит беру туралы шарт жасасу, электрондық тәсілмен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы және (немесе) парольдерді генерациялау және енгізу жолымен немесе аутентификациялық белгілердің (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) кемінде біреуін пайдалана отырып жүзеге асырылатыны туралы Өтініш беруші мен МҚҰ келісті..

24. Кредиттік Скоринг көмегімен алынған деректердің негізінде Өтініш берушінің төлем жасау қабілеттілігі бағаланып, мүмкін болатын микрокредит сомасы есептеледі. Кейбір жағдайларда Кредиттік Скорингтен кейін шешім қабылдау үшін уәкілетті орган да қосылады.

25. МҚҰ алған Өтініш-сауалнаманы Қарыз алушы қайтара алмайды. Егер Қарыз алушы МҚҰ Микрокредит сомасы бас тартса, Қарыз алушы МҚҰ Микрокредитті ұсынған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Микрокредит сомасын МҚҰ банктік шотына қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Өйтпеген жағдайда, Қарыз алушыға Шартпен қарастырылған барлық міндеттемелер жүктеледі.

26. МҚҰ Микрокредит сомасы Қарыз алушыға аударылған сәтке дейін осы Ережелермен қарастырылған қызметтерді ұсынуға және міндеттемелерді жүктеуге міндетті емес.

27. МҚҰ Өтініш берушіге Микрокредитті беру немесе Микрокредитті ұсынудан бас тарту туралы қабылдаған шешім туралы кез-келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде

Өтініш беруші Өтініште көрсеткен электронды пошта және / немесе sms -хабарлама арқылы хабарлайды.

28. Барлық қажетті құжаттарға қол қоюды Өтініш беруші қашықтықтан Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы және (немесе) парольдерді генерациялау және енгізу жолымен немесе аутентификациялық белгілердің (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) кемінде біреуін пайдалана отырып жүзеге асырады.

29. Шартқа қатысты барлық толықтырулар мен өзгерістер сәйкесінше қосымша келісімдермен жасалып.

30. Берілген мирокредит бойынша ақпарат кредиттік бюроға беріледі, оның ішінде мемлекет те қатысатын, Қазақстан Республикасының кредиттік бюро мен кредиттік тарихтарды құрастыру туралы заңнамамен анықталған шарттар негізінде.

**§3. Микрокредитті бермеу себептерінің негіздемелері**

31. МҚҰ Өтініш беруші Өтініште көрсеткен мөлшердегі және шарттар негізіндегі Микрокредитті беру немесе беруден бас тарт туралы шешімді МҚҰ Өтініш берушіден Өтінішті алған күннен бастап 72 сағаттан кешіктірмей қабылдайды.

Микрокредит қайтарылмаудың қолайлы тәуекелі және (немесе) қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне ықпал етуге қабілетті кез келген теріс ақпараттың болмауы бар өтініштер мақұлданады;

32. МҚҰ өтініш берушіге мынадай жағдайларда Микрокредит бермеуге құқылы:

1) МҚ-да берілген Микрокредит мерзімінде қайтарылмайды деп болжау негіздерінің болуы, себебі Өтініш беруші ұсынған ақпарат / МҚҰ-ға белгілі болған ақпарат Өтініш берушінің ықтимал төлеу қабілетсіздігі және / немесе алақолдығы туралы куәландырады;

2) Өтініш беруші туралы деректердің осы Ережелермен анықталған Микрокредит ұсыну шарттарына сәйкес келмеуі;

3) Өтініш беруші ұсынған ақпарат жалған немесе толық емес болып табылады;

4) Өтініш берушіде бұрын ұсынылған Микрокредит бойынша МҚҰ алдында өтелмеген берешегінің болуы ( соның ішінде Өтініш беруші қайта Микрокредит алуға келген сәтте өтеу мерзімі келмеген Микрокредит бойынша берешек болса);

5) қажетті құжаттар ұсынылмаған;

6) Өтініш берушінің кредиттік тарихында, оның үшінші тұлғалар алдында өзінің міндеттерін дұрыс орындамауы туралы ақпарат бар;

7) Егер осы ережелердің 2 тарауының 1 бөлімінің 6 т. көрсетілген бір немесе бірнеше критерийлер негізінде анықталатын табыс мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен сәйкес қаржылық жылға анықталатын күнкөріс минимумы мөлшерінен және (немесе) отбасының әрбір кәмелеттік жасқа толмаған мүшесіне күнкөріс минимумы сомасының жартысынан аз болса, сонымен қатар, Өтініш берушінің БЖК мәні 0,5 мәнінен асады. Бұл тармақ жеке тұлғалардың клиенттеріне ғана қолданылады.

Қарыз алушы табысының мөлшері келесі формула бойынша анықталады:

$$ДЗ \geq ПМ + 0{,}5 * ПМ * К_{НЧС},$$

мұндағы:

ҚТЗ – қарыз алушы табысы;

КМ – Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен сәйкес қаржылық жылға анықталған күнкөріс минимумы;

$К_{НЧС}$ – отбасының кәмелеттік жасқа толмаған мүшелерінің саны.

БЖК мөлшері келесі формула бойынша анықталады:

$$БЖК = \frac{\sum_{i=1}^{n} ПНЗi + \sum_{i=1}^{n} ППi + ПЗ}{Д},$$

мұндағы:

БЖК – борыштық жүктеме коэффициентә;

ПНЗі – қарыз алушының өтелмеген микрокредит сі, қарызы (өтелмеген микрокредит лері, қарыздары) бойынша жыл сайынғы төлемі;

ППі – қарыз алушының өтелмеген микрокредит сі, қарызы (өтелмеген микрокредит лері, қарыздары) бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасы;

ПЗ – қарыз алушының жаңа берешегі бойынша орташа ай сайынғы төлем;

n – қарыз алушының өтелмеген микрокредит лері, қарыздары саны;

Д – қарыз алушының орташа ай сайынғы табысы.

8) өтініш берушінің/ оның өкілінің/ бенефициарлық меншік иесінің тәуекел - факторлар тізімдерінің бірінде болуы және теріс сипаттағы мәліметтердің болуы:

- шығу үшін уақытша шектелген борышкерлер тізімінде
 исполнительные атқарушылық өндіріс
- борышкерлер / атқарушылық іс жүргізу бойынша жауапкерлер
- борышкерлер / атқарушылық құжаттар бойынша жауапкерлер
- директордың аты-жөні көрсетілген сот істері
- тыйым салынған мүліктің сауда-саттық тізілімі
- қылмыстық іздестіру
- хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздеу
- атқарушылық құжаттар бойынша борышкерлерді іздестіру
- терроризмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар
- педофилдер базасында.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл заңнамасында және/немесе МҚҰ ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша өтініш берушімен іскерлік қатынастарды орнатудан біржақты тәртіпте бас тартуға, сондай-ақ Өтініш берушімен іскерлік қатынастарды тоқтатуға және/немесе Микрокредит беруден бас тартуға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

- Өтініш берушіні (олардың өкілдерін) тиісінше тексеру бойынша МҚҰ шараларды жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде;

- Өтініш берушіні зерделеу процесінде іскерлік қатынастарды Өтініш беруші Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;

- Өтініш беруші МҚҰ-ға құжаттарды, мәліметтерді, ақпаратты ұсынудан бас тартқанда және/немесе уақыттылы ұсынбағанда және/немесе дұрыс емес, жарамсыз құжаттарды ұсынғанда және/немесе құжатта қолдан жасау белгілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе нысаны мен түрі бойынша МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынғанда.

10) электрондық тәсілмен микрокредит беру кезінде басқа перифериялық құрылғыдан видео немесе фото бейненің қайталануы және (немесе) Өтініш берушінің/Қарыз алушының бет басып шығарылған бейнесі пайдаланылғаны анықталған жағдайда;

11) электрондық тәсілмен микрокредит беру кезінде Өтініш берушінің/ Қарыз алушының нақты уақыт режиміндегі бейнесін жеке басын куәландыратын құжатта бейнеленген бейнесімен растау және тексеру мүмкін болмаған жағдайда;

12) МҚҰ-да электрондық тәсілмен микрокредит беру кезінде Өтініш берушінің/ Қарыз алушының МҚҰ-ға нақты уақыт режимінде ұсынған бейнесі оның жеке басын куәландыратын құжаттағы бейнесіне сәйкес келмейді деген күдік болған жағдайда.

13) МҚҰ-да электрондық тәсілмен микрокредит беру кезінде Өтініш берушінің/ Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттағы бейнесі МҚҰ-ға нақты уақыт

режимінде ұсынған бейнесіне 20 және одан да көп пайызға сәйкес келмейді деген күдік болған жағдайда.

### §4. Берілетін микрокредиттер бойынша тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

33. МҚҰ тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеуді жүргізеді:

1) Шартты жасасу күніне;

2) Қарыз алушының ауызша сұрауы бойынша;

3) Шартта осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы өзегістер мен толықтырулар жасалған жағдайда, олар Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруін туғызады;

34. Шарт жағдайлары өзгеріп және ол өз алдына Қарыз алушының міндеттеме сомасының және/немесе оларды төлеу мерзімінің өзгерістеріне әкелсе, МҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлеме мәнінің дәл анықталған есептемесі берешек қалдығы бойынша, қалған мерзімнің шарт өзгеретін мерзіміне қатысымен шығарылады, сонымен бірге Шарттың бастапқы әрекет күнінен Қарызт жағдайлаөлеген төлемдері есепке алынбайды.

35. МҚҰ берілетін микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін келесі формуламен есептейді:

$$\sum_{j=1}^{n} \frac{S_j}{(1+APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^{m} \frac{P_i}{(1+APR)^{ti/365}}$$

мұндағы

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

Sj - қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - СЖТМ

tj – микрокредит берілген сәттен бастап қарыз алушыға (күндермен) j-ші төле сәтіне дейінгі уақыт кезеңі

m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі

i – қарыз төлеуші төлемінің реттік нөмірі

Pi – қарыз алушының і-ші төлемінің сомасы

ti – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының і-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

36. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеген уақытта тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) ескерілмейді, оның ішінде Қарыз алушы Шарт талаптарын сақтамауы үшін;

37. Шарт бойынша сыйақының шекті мәні берілген микрокредит сомасының 25 (жиырма бес) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

38. 56% СЖТМ мөлшеріне қойылатын талаптар осы Қағидаларда сипатталған микрокредит беру туралы шарттарға қолданылмайды.

### §5. Микрокредитті беру

39. МҚҰ Өтініш берушіге Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, МҚҰ қарыз алушыға Шартта көрсетілген Микрокредит сомасын Өтініш берушінің Шотына/ Картасына біржолғы аудару түрінде Микрокредит береді.

40. Ақшаны аударуды МҚҰ Микрокредитті беру туралы шешімді қабылдағаннан кейін 3 (үш) күннен кеш емес мерзімде жүзеге асыруы қажет.

41. Өтініш берушіге ақшаны ұсыну уақыты ретінде Өтініш берушінің Шотына Микрокредит сомасын аудару мезеті болып есептеледі.

42. Микрокредит сомасын аудару Шарттың жасалған күні болып табылады.

43. Шарт бойынша қатынастар шегінде орындалатын барлық төлемдер тек қана қолма-қол ақшасыз формада орындалады. Өтеу тәсілдері МҚҰ сайтында және Шартында көрсетіледі.

43-1. Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредит сомасы микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымда сатып алынатын тауарға немесе қарыз алушының орындаған жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеуді көздейтін шарт жасалған заңды тұлғаның банк шотына аударылуы мүмкін.

**§6. Кредиттік құжаттаманы құру**

43. Әрбір берілген микрокредитті МҚҰ уәкілетті тұлғасы қарыз алушылар журналында тіркейді және ол журнал электронды немесе қағаз тасымалдағыштарында болады.

44. МҚҰ бөлімшелерінің жұмысын оңтайландыру үшін кредиттік құжаттама қағаз тасымалдағышта және (немесе) электронды түрде құрастырыла алады.

45. Кредиттік құжаттама келесі құжаттардан тұрады:

1) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы, оның құнын көрсете отырып, өтніш беруші микрокредитті өтеу және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының қамтамасыздығы ретінде ұсынатын мүлік туралы немесе қамтамасыздықтың жоқтығы туралы мәліметтері бар өтініш (мақсаттық микрокредит ұсынылған жағдайда);

2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; және (немесе) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) өтініш беруші өкілінің микрокредит ұсыну туралы шартқа қол қоюға өкілеттіктерінөкілінің микрокредит (өтініш беруші өкілі үшін);

4) Қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар және ақпарат;

5) микрокредит ұсыну туралы шарт;

6) микрокредит ұсыну туралы шартқа қосымша келісімдер (болған жағдайда);

7) микроқаржы ұйымы мен қарыз алушы арасындағы хаттар;

8) микрокредитті өтеу көзін көрсететін (қарыз алушы аударған немесе кепілге берілген мүлікті сатудан түскен ақша), микрокредитті ұсыну туралы шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгендігін растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері),

9) кредиттік тарих субъектісінен ол туралы ақпаратты кредит бюросына ұсынуға келісімі алынғандығын растайтын ақпарат;

10) кредиттік есептеме алушыға кредиттік есептеме беруге кредит тарихы субъектісінің келісімі алынғандығын растайтын ақпарат.

11)Дербес деректер субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімін алғанын растайтын ақпарат.

12) Дербес деректер субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін алғанын растайтын ақпарат.

13) нысаналы микрокредит алған жағдайда микрокредиттің нысаналы мақсатын растайтын құжаттар.

45. МҚҰ өзге құжаттарды сұратуға құқылы.

**4 тарау. Мониторинг. Шарт талаптарының орындалуын қадағалау**

46. Микрокредит леу тәуекелдерін анықтап азайту мақсатында оперативті шешімдер қабылданып және қажетті шаралар ұйымдастырылу жолымен мүмкін шығындарды болдырмау әрекеттері жасалынады және микрокредитті ұсыну уақытынан бастап Қарыз алушының өзінің Шарт аясындағы міндеттерін толық орындау мезетіне дейін МҚҰ өзіне Шарт жағдайларын орындалуын бақылауды қосатын тұрақты түрде қадағалауды жүргізіп отырады.

47. Микрокредит ге мониторинг жасауға МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасының келесі әрекеттері кіре алады:ы:

1) Қарыз алушымен байланыста болу;

2) Қарыз алушыдағы пайда болған дұрыс емес есептеулер, қателер және мәселелерді анықтау; мәселерді шешу жолдарын іздеу.

3) микрокредиттің мақсаттық тағайындалымын растайтын құжаттарды сұрау.

48. Мерзімі өтіп кеткен берешек мониторингі өзіне мерзімі өткен берешекті қайтару үшін жасалатын шаралады қосады.

**5 тарау. Шартқа өзгерістер енгізу тәртібі**

49. Шарт жағдайларына жасалатын өзгертулер осы Шартқа қосымша келісімдерді жасасу жолымен іске асырылып, ол Қарыз алушының міндетті түрде сұрап жатқан өзгертулері мен себептері көрсетілген еркін формадағы жазбаша хаттама негізінде болады және МҚҰ Сайтында мына техникалық қызметте дайындалады: info@credia.kz.

50. Қарыз алушы МҚҰ –ға кредит леу шарттарын өзгерту енгізу туралы сұраным жасағанда, бұл сұрақ бойынша шешімді МҚҰ уәкілетті органымен/уәкілетті тұлғасымен қабылданады және оның құзіреттілігіне МҚҰ ішкі құжаттарға сәйкес болатын көрсетілген сұрақты қарастыру кіреді.

**6 тарау. Мерзімі өткен берешекпен жұмыс жасау**

51. Қарыз алушы микрокредит бойынша өтеу мерзімдерін сақтамаған кезде оған: микрокредит беру туралы Шартқа сәйкес өтеу күнінен кейінгі бірінші күннен бастап мерзімі өткен әрбір күн үшін Шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы есептеледі.

52. Қарыз алушыда микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер болғанда МҚҰ берешекті қайтару жұмыстарын мына жолмен жасайды:

1) SMS–хабарлама;

2) электрондық поштаға жіберілетін хабарлама;

3) ақпараттық сипаттағы телефонға хабарлау;

4) Қарыз алушылармен контактілеу және әңгіме жүргізу;

5) микрокредит бойынше берешекті соттық түрде қайтару;

6) микрокредит бойынша үшінші тұлғаларға талап жасау құқықтарына көну;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілетін басқа да әдістермен.

53. Міндетті түрде мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде осы Шартта көзделген тәсілдермен қарыз алушыны:

- шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алу туындағанын және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;
- қарыз алушы – жеке тұлғаның Шарт бойынша МҚҰға жүгіну құқығы туралы;
- қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар ету.

Егер хабарлама борышкерге МҚҰның сайтында тіркелген кезде қарыз алушы көрсеткен және осы Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына немесе жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып (МҚҰның сайтында тіркелген кезде сауалнамада қарыз алушы көрсеткен телефон нөмірі бойынша мессенджерлер немесе СМС арқылы) жіберілсе, ол тиісінше жеткізілген болып есептеледі;

53-1. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде МҚҰның электрондық және (немесе) пошталық мекенжайына жазбаша нысанда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және оның өтінішіне себепші болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы, оның ішінде төмендегілермен байланысты мәліметтер қамтылған шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті ұсыну қажет:

➢ сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай не шарт бойынша сыйақы мәнінің өзгеруі;

➢ негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

➢ берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігі, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;

➢ микрокредит мерзімін өзгерту;

➢ мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;

➢ кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде дербес өткізуі;

➢ ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту туралы ұсыныс жасау;

➢ шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуді жүзеге асыру құқылы.

Осы тармақта көрсетілген өтінішті МҚҰ қарыз алушыдан алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды, МҚҰ қарау нәтижелері бойынша қарыз алушыға МҚҰның сайтында тіркелу кезінде қарыз алушы көрсеткен және осы Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша хабарлайды.:

➢ шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;

➢ берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

➢ бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлау.

53-2. Қарыз алушы МҚҰдің осы Ережелердің 53-1 тармақтың 2 бөлігінде көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

54. МҚҰ ҚР микроқаржы қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес мерзімі өткен микрокредит бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асыруға құқылы.

54-1. Қарыз алушы міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Ережелердің 53-1 тармақтың 1 бөлігінде көзделген өтінішпен ұйымға жүгінбеген және (немесе) Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбеген және Қарыз алушы берешек бойынша дәлелді қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, МҚҰ қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алуға құқылы.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек атқарушылық жазба арқылы өндіріп алынған жағдайда, ол өндіріп алушының өтініші негізінде өндіріп алушының таңдауы бойынша жасалуы мүмкін:

– тіркелген жері бойынша (борышкер-жеке тұлғаның заңды мекенжайы);

- борышкердің тұрғылықты жері бойынша (Шартты жасасу кезінде борышкер көрсеткен жеке тұлғаның нақты мекенжайы);

- өндіріп алушының және/немесе борышкердің тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан мекенжайы бойынша.

**7 тарау. Микрокредитті өтеу, Шарттарды мерзімінен бұрын бұзу тәртібі**

**§1. Микрокредиттерді өтеу әдістері**

55. Микрокредитті өтеу әдісі - біржолғы төлеммен, микрокредитті беру мерзімі аяқталған күніне.

**§2. Микрокредиттер бойынша төлемдерді енгізу тәртібі**

56. Қарыз алушыға шарттың талаптарына сәйкес микрокредит бойынша төлемді жүзеге асыру үшін белгілі бір күн тағайындалады. Бірінші жоспарлы төлем және келесі төлемдер күні айыппұл санкцияларын есептеусіз, микрокредитті нақты беру күніне пропорционалды жылжытыла алады.

57. Негізгі борыш, есептелген сыйақы бойынша төлемдерді қарыз алушы толық көлемде анықталған мерзімдерде жүзеге асырған болуы тиіс.

58. Қарыз алушы микрокредитті өтеу бойынша төлемдерді (оның ішінде ол бойынша сыйақылар, айыппұлдар, өсімпұлдар) қолма-қол ақшасыз жолмен, ақшаны МҚҰ-ның банктік шотына салу жолымен жүзеге асырады, оның ішінде Қарыз алушы шотынан МҚҰ шотына аудару, сонымен қатар, ақшаны олармен МҚҰ сәйкес шарттар жасасқан Төлем Жүйелерінің терминалдары арқылы енгізу немесе Карта арқылы төлеу жолымен.

59. Қарыз алушының ұзақ мерзімді микрокредит ұсыну туралы Шарт бойынша орындаған төлемінің сомасы, егер ол Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушы берешегін келесі кезектілікпен өтеледі:

1) Шартпен анықталған мөлшердегі тұрақсыздық айып (айыппұл, өсімпұл);

2) МҚҰның орындауды алу бойынша ұсталымдары.

3) сыйақы бойынша берешек;

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

5) негізгі борыш бойынша берешек.

60. Қарыз алушы Шарт бойынша кез-келген соманы төлеуді (толық немесе ішінара) кешіктірген жағдайда, МҚҰ МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйақы мен тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтатуға құқылы. Бұл ретте Қарыз алушы белгілі бір соманы төлеу бойынша міндеттемелерді (ішінара орындаған) орындаған уақытта, Қарыз алушы міндеттемелерін анықтау егер МҚҰ басқасын анықтамаса. Тоқтатуды ескерусіз, Шарт талаптарымен сәйкес орындалатын болады.

61. Қарыз алушының микрокредит сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемесі МҚҰ-ның банк шотына төлем есептелген/аударылған күні орындалды деп есептеледі.

**§3. Ұсынылған микрокредиттер бойынша сыйақыны төлеу тәртібі**

62. Сыйақыны қарыз алушы микрокредит беру туралы Шартқа сәйкес төлейді.

**§4.Микрокредиттер бойынша жоспарлы емес төлемдерді енгізу тәртібі**

63. Кредиттік процесс аясында мыналар рұқсат етіледі:

1) мерзімінен бұрын толық өтеу;

2) мерзімінен бұрын ішінара өтеу.

64. Егер Қарыз алушы несиелік берешекті мерзімінен бұрын толық өтеу үшін жеткілікті ақша аударса, МҚҰ Шартты жабады.

65. Мерзімінен бұрын толық/ ішінара өтеуді жасау үшін жоспарлы емес төлемдер жасау мақсатында Қарыз алушы МҚҰ кредиттік берешек қалдығын жабу үшін мерзімінен бұрын толық/ ішінара өтеуді жасауға белгілі мерзімде және белгілі соманы аудару жайында жазбаша Өтініш ұсыну қажет.

66. Микрокредит бойынша берешек мерзімінен бұрын ішінара өтеу жағдайында берешек шартта көзделген тәртіппен өтеледі;

67. Егер аударылатын төлем қажетті төлем сомасынан көп мөлшерде болса, қажетті төлемнен асатын сома қарыз алушыға МҚҰ-ға жіберілген өтініші бойынша қайтарылуы мүмкін

68. Мерзімінен бұрын толық өтеу жасалғаннан кейін Шарттың әрекеті аяқталып, МҚҰ оның жабылуын жүзеге асырады.

**§5. Шартты мерзімінен бұрын бұзу тәртібі**

69. Шарттың мерзімінен бұрын үзілуі мына жағдайларда болады: егер Қарыз алушы негізгі қарыз бойынша берешегін толық түрде, сонымен бірге микрокредит қолдану уақытындағы есептелген сыйақыны, МҚҰ тарифтерімен қарастырылған коммисияларды өтеген кезде болады;

70. Егер Шарт бойынша Қарыз алушыда артық төлеулер болса, онда МҚҰ Қарыз алушыға артық төлем сомасын Қарыз алушының жазбаша өтініші МҚҰ техникалық қызметіне info@credia.kz. Артық төленген ақшаны қайтару ақшаны Қарыз алушының банктік шотына аудару жолымен орындалады.

## 8 тарау. Микрокредит беруге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

**§1. МҚҰ құқықтары мен міндеттері**

71. МҚҰ міндеттенеді:

1) орналасқан жері өзгерген немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы өкілетті органға, сонымен қатар, Мәлімдеушілерге / Қарыз алушыларға сәйкес ақпаратты екі баспасөз басылымдарында МҚҰ орналасқан жері бойынша, сонымен қатар, Өтініш берушінің / Қарыз алушының – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілінде жариялау жолымен немесе әрбір Өтініш берушіге / Қарыз алушыға осындай өзгертулер күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жазбаша хабарлау жолымен жазбаша түрде хабарлау;

2) МҚҰ Сайтында микрокредитті ұсыну туралы Ержелер көшірмесін орналастыру;

3) Өтініш берушіге / Қарыз алушыға микркредит ні алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру;

4) «Қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыруға (жылыстыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді хабарлауға;

5) Қарыз алушыны Шарт жағдайларында және соманың белгілі шегінде микрокредитті ұсыну жолымен қаржыландыру;

6) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес микрокредитті беру құпиясын сақтау;

7) Қазақстан Республикасының заңымен, құрылтайлық құжаттармен және жасасқан Шарт талаптарында қарастырылатын басқа да талаптарды орындау.

72. МҚҰ құқылы:

1) Қарыз алушыны кредиттік берешекті келе жатқан қажетті өтеуі туралы SMS – хабарламасымен, электронды поштаға хат жіберу арқылы, телефонға хабарлау көмегімен хабардар ету жатады және ол Қарыз алушыға берілген микрокредит ге байланысты болатын шараларды орындауға да қатысты болады;

2) Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихтарды дайындау заңымен белгіленген тәртіп пен шарт бойынша, Қарыз алушының келісімімен, кредиттік бюро әрекетін жасауына құқық беретін лицензиясы бар кредиттік бюроға кредиттік тарихын дайындауға қажетті Қарыз алушы туралы ақпаратты ұсыну;

3) Қарыз алушы келісімі болғанда кредиттік бюролардан, КЕАК «МК «Азаматтарға арналған үкімет» және басқа да мекемелерден ақпараттқа сұрау жасау/ақпаратты алу;

4) Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес Қарыз алушы туралы, микрокредит мөлшерлері жайында, Қарыз алушыға қатыстыан Республикасынталаптары, МҚҰ жүргізетін опрациялар жайлы ақпаратты, мемлекеттік органдар және ақпаратты алуға нотариалды куәландырылған сенімхаты бар Қарыз алушының өкілдеріне сұраным бойынша ұсыну. Қарыз алушының жазбаша келісімі болған уақытта микрокредитті ұсыну құпиясын үшінші тұлғаға ашу;

5) Қарыз алушының келісімімен дербес ақпараттарды тексеру және өңдеу;

6) Қарыз алушының дербес ақпараттарын өз еркімен шешкен кезде өңдеуді тоқтатып, оларды жою;

7) Кредиттік бюросына жағымсыз ақпаратты беру және 180 (жүз сексен) аса күнтізбелік берешек бойынша мерзімі өткен күндер кредиттік тарих бөлігіндегі субъекті туралы жағымсыз ақпаратты кредиттік бюродан алу;

8) Қарыз алушыдан Шарт жасасумен байланысты қабылданған барлық міндеттерді орындауды талап ету;

9) Микрокредит бойынша мерзімі өткен өтеулер бар кезде осы Ережелердің 6-шы тарауына сәйкес жұмыстарын атқару;

10) Мына жағдайда микрокредит бойынша берешекті (негізігі берешек сомасын, сыйақы сомасын, Шарт бойынша есептелінген тұрақсыздық айыбы) толық өтеуді талап ету:

- Қарыз алушының Шарт талаптарын бұзуы.
- Шартпен ұсынылған микрокредит бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы, микрокредитті қолдану барысындағы сыйақы, Шарт бойынша есептелінген тұрақсыздық айыбы, және ол мерзімі 10 (он) күнтізбелік күннен аса болған жағдайда;

11) МҚҰ -ның маркетингтік әрекеттерінің аясында Қарыз алушыны акциялар, жаңа ұсыныстар мен басқа да ақпарттармен хабардар етуді SMS-хабарламасымен, электронды поштаға жіберілетін хаттар, телефонға хабарлау арқылы жеткізу;

12) Өтініш берушіден / Қарыз алушыдан / Кепіл берушіден (ол болған уақытта) Шартты жасасу және МҚҰ-ның ішкі нормативтік актілерімен анықталған, ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттарды және мәліметтерді сұрау;

13) Микрокредитті беру бойынша Өтінішті қарастыру кезеңінде микрокредитті беруден/Шарт жасасудан бас тарту;

14) Осы Ережелердің 4 Бөліміне сәйкес Қарыз алушының мониторингін жүргізу;

15) Микрокредит бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдер бар болғанда, берешекті қайтару жұмыстарын жасау

16) Өтініш беруші/Қарыз алушы келісімін бергенде фототүсіруді, сонымен бірге кредит беру, верификациялау және мерзімі өткен берешекті қайтару жұмыстары кезінде процессті қадағалау мақсатында әңгіменің аудио және видео жазбаларын жүргізу, сондай-ақ Өтініш берушіге/Қарыз алушыға көрсетілген әрекеттер туралы ескерілтілуі қажет;

17) Микроқаржылық әрекеттерден басқа Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңында белгіленген шектеулерді ескергенде өзге әрекеттермен айналысуға;

18) Қазақстан Республикасының заңына және жасасқан Шарт талаптарына сәйкес басқа да құқықтар.

73. <u>МҚҰ құқылы болмайды.</u>

1) төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыдан микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да талап етуге;

2) біржақты тәртіппен сыйақы мөлшерлемелерін (оларды тқмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін өзгерту;

3) Қарыз алушыдан кез-келген төлемдерді анықтау және өндіру, Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын қоспағанда (айыппұл, өсімпұл);

4) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні орындалса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұлдық санкциялардың басқа түрлерін төлету;

5) кез-келген валюталық эквивалентке байланыстыра отырып, теңгемен берілген Микрокредит бойынша міндеттемелерді және төлемдерді индексациялау.

**§2. Өтініш берушінің құқытары мен міндеттері**

74. **<u>Өтініш беруші міндетті болады:</u>**

1) МҚҰ сұраным жасаған, микрокредитті беру туралы шешім қабылдау үшін керек болатын құжаттар мен деректерді ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының заңына және жасасқан Шарт талаптарына әйкес басқа да міндеттерді орындау.

75**. Өтініш беруші құқылы болады:**

1) Микрокредит беру бойынша МҚҰ тарифтарымен, осы Ережелермен танысуға;

2) Микрокредитті беру шарттары мен тәртібі туралы толық және дұрыс ақпаратты алу, сонымен бірге микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен, қайтаруменызмет көрсетумен, туралы толық және дұрыс ақпаратты.

**§3. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері**

76. **Қарыз алушының міндеттері:**

1) Шартпен белгіленген мерзімде және тәртіпте алған Микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны төлеу;

2) Заңмен сәйкес сұралатын құжаттар мен мәліметтерді беру;

3) Шартпен, Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен белгіленген басқа да талаптарды орындау.

77**. Қарыз алушының құқықтары:**

1) Микрокредитті беру тәртібі туралы және талаптары туралы, оған қоса Микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және қайтарумен байланысты барлық төлемдер туралы толық және шын нақты ақпаратты алу;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте өзінің құқықтарын қорғау;

3) Шарт бойынша берілген Микрокредит сомасын МҚҰ мерзімінен бұрын толықтай немесе бөліктей қайтару;

4) Микрокредитті толықтай мерзімінен бұрын жапқан жағдайда, анықтама алу туралы өтініш берген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде борыштың жоқтығы туралы анықтама алу.

5) төменде көрсетілген тәсілдердің бірін қолдана отырып, клиенттің ұялы байланысының абоненттік құрылғысы туралы деректерге және клиенттің жеке кабинетіндегі банк шотының/ картасының деректемелеріне өзгерістер енгізуге:

a) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы ұсынған электрондық цифрлық қолтаңба;

b) СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіру;

c) келесі екі параметрді қолдану арқылы екі факторлы аутентификация:

парольдерді құру және енгізу немесе аутентификациялау белгілерінің (токендердің, смарт-карталардың, бір реттік парольдердің) кем дегенде біреуін пайдалану;

келесі талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану:

e) клиенттің нақты уақыт режиміндегі бейнесін жеке басын куәландыратын құжатта бейнеленген бейнесімен растауды және тексеруді қамтамасыз ету;

f) ақпарат алмасу және сақтау кезінде клиенттің дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

g) клиенттің бет-әлпетінің басып шығарылған қағаз суретін пайдаланудан қорғау;

h) басқа перифериялық құрылғыдан видеоны немесе фотобейнені қайталама қосу мүмкіндігінен қорғау.

**9 тарау. Құпиялылық**

**§1. Дербес деректер**

78. Микрокредитті ұсыну үшін Өтініш беруші Өтініш бергенде, өзінің дербес ақпаратын МҚҰ-ның тексеруіне және өңдеуіне рұқсатын береді (МҚҰ-ның одан алған ақпарат пен құжаттар), соның ішінде бұл дербес ақпаратты жинауға, тексеруге, жүйелеуге,

толықтыруға, сақтауға, анықтығын білуге (жаңартулар, өзгерулер), қолдануға, дара биліктен айыруға, оқшаулаға, жоюға келісімін береді.

79. Шарт жасасу кезінде Қарыз алушы өзінің дербес ақпаратын өңдеуге рұқсат береді.

80. МҚҰ өзінің қарастыруымен және көрсетілген мерзімінен бұрын дербес ақпаратты өңдеуді тоқтатып, оларды жоюға құқылы.

81. МҚҰ мына жағдайларда дербес ақпараттарды жояды:

1) Ақпартты өңдеу және жинау мақсатына жету күнімен анықталатын ақпараттарды сақтау мерзімі өткенде;

2) сот шешімінің өзінің заңды күшіне енгенде;

3) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген басқа да жағдайларда.

82. Егер Қарыз алушы оның дербес ақпаратын өңдеуге және жинауға келісімінен бас тартса, дербес ақпаратты өңдеу және жинау тек Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттерді орындаған кезде ғана тоқтатылады.

83. Егер Қарыз алушы микрокредитті өтеу және есептелінген сыйақы күнін 30 (отыз) күнтізбелік күнінен аса мерзімге бұзатын болса, МҚҰ қарызды қайтаруға үшінші тұлғаларды, оның ішінде коллекторлық агентіктерін қатыстыруға және оларға барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға құқылы.

**§2. Микрокредитті ұсыну құпиясы**

84. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жағдайларды ескермегенде, микрокредит беру құпиясын, Қарыз алушылардың операциялары туралы ақпаратты құпия ұстауға кепілік береді.

85. Микрокредитті беру құпиясына Қарыз алушылар туралы ақпаратты, микрокредит мөлшерлері, басқа да Қарыз алушыға қатысты Шарт талаптары, сонымен бірге микрокредит леу операциялары жайлы ақпараттар кіреді (осы Ережелерді ескермегенде).

86. Микрокредитті беру құпиясы Қарыз алушыға, Қарыз алушының өзі болған кезде берілген жазбаша түрдегі келісім негізінде үшінші тұлғаларға, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес микрокредит беру жөніндегі кредиттік бюроларына және төменде көрсетілген тұлғаларға қолжетімді болады.

Қарыз алушылар туралы ақпарат, микрокредиттер мөлшерлемелері, Қарыз алушыларға қатысты болатын Шарт талаптары, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы ақпарат мыналарға беріледі:

1) Анықтау және алдын ала тергеу органдарына: олар жүргізіп жатқан істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;

2) Соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;

3) Әділет органдарына және сот орындаушыларына: олар жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының сот санкция берген қаулысы негізінде;

4) Прокурорға: оның құзіреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру ісін жүргізу туралы қаулы негізінде;

5) Салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;

6) Қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы бойынша нотариат куәландырған сенімхат негізінде;

7) Банкрот деп танылған тұлғаларға қатысты оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға, банкроттықты басқарушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

87. Қарыз алушы, микрокредит мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары жөнінідегі мәліметтер қарыз алушы қайтыс

болған жағдайда, осы Ережелердің 87 тармағында көзделген тұлғалардан басқа, жазбаша сұрау салу негізінде, сондай-ақ:

1) Қарыз алушы өсиетнамада көрсеткен тұлғаларға;

2) Нотариустарға: өздері жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша нотариустың мөрімен расталған, оның жазбаша сұрау салуы негізінде беріледі. Нотариустың жазбаша сұрау салуына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуі тиіс;

3) Шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

88. Микрокредитті беру бойынша құпияны ашу болып табылмайтын жағдайлар:

1) МҚҰ-ның кредит бюросына жағымсыз ақпарат беруі және кредит бюроларының 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннен асатын мерзімі өткен берешегі бөлігінде кредит тарихының субъектісі туралы жағымсыз ақпаратты ұсынуы;

2) аталмыш микрокредит бойынша көрсетілген тұлғаға талап ету құқығын шегіну кезінде, МҚҰ-ның заңды тұлғаға күдікті және сенімсіз деп жіктелген және ол бойынша жағымсыз ақпарат бар бармикрокредит мен байланысты ақпаратты ұсынуы.

88-1. Қарыз алушы МҚҰ шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, оған және/немесе үшінші тұлғаларға бұл туралы телефонограмма, автоматтандырылған телефония, SMS түріндегі хабарлама арқылы, мессенджерлер, факс арқылы немесе жұмыс орны бойынша хабарламаны қоса алғанда жазбаша хабарлама арқылы және өзге де тәсілдермен хабарлауға міндеттенетініне келіседі. Хабарлау сәтінде ол болмаған жағдайда МҚҰ онымен бірге тұратын адамдарды хабардар етуге құқылы. Бұл ретте, Қарыз алушы өзінің мерзімі өткен берешегі туралы хабарламаның микрокредит беру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны ашу болып табылмайтынын растайды және келіседі және Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қою арқылы МҚҰ-ға осы тармақта көзделген әрекеттерді жасауға келісім береді.

**10 тарау. Басқа баптар.**

89. Осы Ережелер ссудалық портфель құрылымындағы, МҚҰ қызметінің қаржылық нәтижелері өзгерістерін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерістерін, Қазақстан Республикасының қодданыстағы заңнамасы өзгерістерін, сонымен қатар, экономикалық жағдайдағы және Қазақстан Республикасының қаржылық нарықтары коньюнктурасындағы өзгерістерді ескере отырып, өзгертіліп және толықтырыла алады.

Осы Ережелермен қарастырылмаған басқалар Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарымен сәйкес реттеледі.

92. 90. Қолданушы даулы оқиғалар мен жағдайларды немесе ақпараттық қауіпсіздікті бұзуы мүмкін әрекеттерді байқағанда мына электронды мекенжайға 24/7 режимінде хабарласа алады: info@credia.kz. Осы орайда, ШҚҰ сұрақтарға жұмыс күндері 09.00-ден 18.00 аралығында жауап береді. Сондай-ақ, мына телефон нөміріне хабарласуға болады: +7 707 900 90 80, WhatsApp: +7 701 885 80 80.